

**"Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық айлықақы белгілеуге құқық беретін жұмыс өтілін есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қазандағы № 687 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 қыркүйектегі № 684 қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 маусымдағы № 479 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 16.06.2023 № 479 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық айлықақы белгілеуге құқық беретін жұмыс өтілін есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қазандағы № 687 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2017 ж., № 53, 341-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық айлықақы белгілеуге құқық беретін жұмыс өтілін есептеу қағидаларында:

3-тармақ мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) мемлекеттік саяси қызметшілер, "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері, сондай-ақ "Б" корпусының А-1, А-2, В-1, В-2, С-1, С-2, С-О-1, С-О-2, С-Р-1, С-Р-2, D-1, D-2, D-О-1, D-О-2, Е-1, Е-2, Е-Р-1 санаттары үшін квазимемлекеттік сектор және/немесе ірі кәсіпкерлік субъектілерінде басшы лауазымдарда немесе нақты мемлекеттік лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес лауазымдарда жұмыс істеген уақыт;"

мынадай мазмұндағы 6-1 тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Осы Қағидалардың 3-тармағының 8-1) тармақшасында көрсетілген ірі кәсіпкерлік субъектисіндегі жұмыс өтілін растайтын құжат ірі кәсіпкерлік субъектисі мына өлшемшарттардың біріне немесе екеуіне сәйкес келетіні: жұмыскерлерінің жылдық орташа саны екі жүз елу адамнан асатын және (немесе ) жылдық орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің үш миллион еселенген мөлшерінен асатыны туралы мәлімет болып табылады."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК